

Еуразиялық интеграцияның заманауи қалыптасу жағдайларында одақтың мүше-елдеріндегі өзара және сыртқы сауданы осы саладағы заңдылықтар мен үрдістерді анықтау мақсатында талдау қажеттілігі туындап отыр.

2011 ж. бастап 2015 ж. аралығында ЕАЭО елдері үш мемлекетпен 4241,1 млрд АҚШ долл. сомасына сауда келісімдерін жа-сасқан, оның ішінде экспорттық келісімдер 2690,5 млрд АҚШ долл. құрайды, ал импорт-тық – 1550,6 млрд АҚШ долл. 2012 ж. бастап ЕАЭО елдерінде сыртқы сауда көлемінің төмендеу үрдісі байқалды. Егер 2011 ж. көлемі 912,1 млрд АҚШ долл. жетсе, ал 2015 ж. ол 579,5 млрд АҚШ долл. құраған.

Мүше-мемлекеттердің үш мемлекетпен саудадағы үлестері ауқымды өзгерістерге ұшырамады, 2011 ж. және 2015 ж. да көрсеткіштер тұрақты. Негізгі үлес, нақтырақ айтсақ, сыртқы әлеммен сауданың 83,5% Ресей Федерациясына, біршама салмақты үлес – 10,4% Қазақстан Республикасына тиесілі болса ал қалған 6,1% одақ бойынша серіктес-елдерге: Беларусь Республикасы – 4,9% және 1,2% Арменияға және 0,6%-дан Қыр-ғызстанға тиесілі.

ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің 2015 ж. сыртқы саудасындағы экспорттың тауарлы құрылымын талдау экспорттың едәуір шикізатқа бағытталуын анықтады. Мысалы, 65,6% минералды шикізатқа келеді, 9,7% – металл және металл бұйымдарды шығару, 6,5% - химиялық өнімдер экспорты, 4,4% – азық-түлік өнімдері және ауылшаруашылық шикізаттары, 3,2% - машиналарды, жабдықтар мен көлік құралдарын шығару, 2,6% – сүрек, целлюлоза-қағаз өнімдері, қалған 6% басқа тауарлар үлесіне тиесілі.

Импорттың тауарлы құрылымында машиналар, жабдықтар мен көлік құралдары импортының үлес салмағы жоғары – 42,9%, химиялық өнеркәсіп өнімдері – жалпы импорт көлемінің 18,2%, 14,1% - азық-түлік тауарлары және ауылшаруашылық шикізаттары, 6,9% - металл және металл бұйымдарын кіргізу, 6,0% - тоқыма, тоқыма бұйымдары және аяқ-киім, 2,0% - сүрек, целлюлоза-қағаз өнімдері, 1,6% - минералды өнімдер және 8,3% - басқа да тауарлар.

ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің өзара саудада қалыптасқан үрдістерді қарастырайық. Статистика мәліметтеріне сәйкес, тауарлармен өзара сауда көлемі төмендеу үрдісіне ие, алайда 2011 ж. салыстырғанда 2012 ж. өзара сауда 5 575,4 млн АҚШ долл. өскен, бірақ келесі жылдары сауда төмендеген. Өзара сауда көлемінің төмендеу үрдісі анық. Мысалы, алдыңғы жылмен салыстырғанда 2013ж. тауар айналымы 2 894,7 млн АҚШ долл. төмен-деген, 2014ж. төмендеу 6 136,5 млн АҚШ долл. құраса, ең ауқымды төмендеу 2015ж. байқалған – 2014ж. салыстырғанда

сауда көлемі 17 732,9 млн АҚШ долл. азайған.

Дегенмен, ұсынылған сандарға сәйкес, ЕАЭО елдерімен өзара тауар саудасына ең көп үлесті ресейлік-беларусь қатынастары алады, олардың өзара саудасындағы тауар экспортының құндық көлемінің орташа сома-сы 25 928,2 млн АҚШ долл. құрайды. Ресей-қазақстандық сауда да ЕАЭО мүше-мемлекеттеріндегі өзара сауданың жалпы көлемінде белгілі бір үлесті алады: 2011ж. – 22 330,6 млн АҚШ долл., ал 2015ж. – сәй-кесінше 15 178,6 млн АҚШ долл.

Үш негізгі сауда серіктестері – Ресей, Қазақстан және Беларусьтің үлесіне ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің өзара саудасының 98,3% тиесілі, ал қалған 1,7% Қырғызстан және Арменияның арасында бөлінеді.

Импортқа келетін болсақ, жағдай осыған ұқсас – барлық өзара импорттың 95% интер-гациялық топтың жетекшілері – Ресей (31,2%), Беларусь (38,1%) және Қазақстан-ның (24,1%) еншісіне келеді. ЕАЭО мемле-кеттерінің жалпы жиынтық импортындағы Қырғызстанның үлесі 4,4%, Арменияның үлесі 2,2% құрайды.

ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің өзара тауар өкіліміндегі тауар құрылымы 7 негізгі позициядан тұрады немесе барлық жиынтық импорттың 92,2% алады: минералды шикізат – 33,4%, машина, жабдықтар және көлік құралдары – 16,4%, азық-түлік тауарлары және ауылшаруашылық шикізаттары – 15,5%, металл және металл бұйымдары – 10,6%, химиялық өнімдер – 10,5%, тоқыма, тоқыма бұйымдары және аяқ-киім – 3,3%, сүрек, целлюлоза-қағаз өнімдері – 2,5%.

ЕАЭО тауарлы ағындарының бағытын талдай келе, қазіргі таңда мүше-мемлекеттердің интеграциялық қатынастары жеткілікті деңгейде терең дамымаған деп қорытынды жасауға болады. ЕАЭО-тағы негізгі тауар өкілімі-шығарылымы интеграциялық топтың ішіндегі саудаға емес, үшінші елдерге бағытталған [1].

Одақтан тыс елдерге ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің жалпы саудасының 86,5% келеді және жалпы сауданың тек 13,5% ғана – ЕАЭО кіретін бес елдің аймақішілік сауда-сы. Бұл ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің өзара сауда әлеуетін жеткілікті көлемде пайдала-нылмауы және аймақ ішілік сауда бағыттары мен оны тереңдеті механизмдерін іздеу қажеттілігі туралы айтып отыр. Сауда ағын-дары тек Беларусь ме Қырғызстан ғана ішкі және сыртқы саудаға шамамен тең дәрежеде бағытталғандығын көрсетіп отыр – 50x50. Ресейлік сауда векторы шамамен 92% үшінші елдермен тауар айналымына бағытталған, Армения саудасының 74% да сондай-ақ одақтан тыс елдерге бағытталған. Ал Қазақстанға келетін болсақ, мұнда тауар

және басқару үдерістерін жеңілдетуді қамтыды, сондай-ақ бұл қалдықтарды көму және амортизациялық сыйақыларды пайдалану механизмдеріне салынатын салықтарға да қатысты болады. Қазақстанда ҚҚС өсірудің қайтарымдылығы үдерісі жетілдірілген, ал Ресейде физикалық тұлғалардың табыстарына салықты есептеу және төлеу ереже-лерінде өзгерістер орын алған, ұйымдардың мүліктеріне салық салу объектілерінің тізімі нақтыланған, мүліктермен операциялар жүргізу кезінде табыстар мен шығындарды салықтық есептеу тәртібі де өзгерістерге ұшыраған. Кәсіпкерлік субъектілері үшін 2013ж. 1 қаңтарынан бастап патент арқылы салық салу іске қосылған [3].

Жалпы ұлтаралық деңгейде ЕАЭО елдері салық-бюджет қатынастарының механизмдері арқылы өзара ынтымақтастықты ынталандыру бойынша бірлесе күш жұмсауда. Салық саласында заң нормаларын жақсартудың жалпы әдістерін әзірлеу бойынша жұмыстар атқарылуда, өзара сауда барысында жанама салықтарды, ҚҚС және т.б. салықтарды өндіру механизмі жетілдіруде.

ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің ұлттық экономикаларының теңгерімді дамуы үшін тек бюджеттік табыстық бөлігін арттыру ғана емес, сондай-ақ оның шығындық бөлігін оңтайландыруда стратегиялық маңызды болып табылады. Елдер ынтымақтастығының бірнеше жылдары бойына бюджеттік қаражаттарды үнемдеу жолдарын, нақтырақ, оларды ең алдымен бірінші реттік міндеттерге бағыттау жолдарын іздеу жүргізілуде.

Қазіргі таңда қарқынды дамып жатқан халықаралық электрондық сауда ЕАЭО елдерінің бюджетін түсімін толықтырушы негізгі жетекші көздердің біріне айналуы мүмкін. Одаққа мүше мемлекеттер электрондық саудаға ҚҚС салу бойынша заң-наманы енгізу Комиссия үшін негізгі қыз-меттердің бірі болып табылады деп отыр. Біздің ойымызша бұл кезеңде өзара саудаға салық салу жүйесіндегі мәселелерді шешу жетілдіру үшін ықтимал жолдарын бірыңғай түсінуді қамсыздандыру маңызды. Ол, соның ішінде Комиссияның, мемлекеттік ұйымдарының органдардың өкілдеріне және ғылыми қоғамдастық өкілдері арасындағы тікелей диалог есебінен мүмкін болады деп санаймыз. Одақ елдеріне электрондық бизнеске қатысушылардың салықтарды жасыруының және негізсіз кемітуінің алдын алуға бағытталған келісілген салық саясатын әзірлеу қажет деп есептейді. Сонымен бірге, ЕАЭО елдері арасында электрондық саудада, соның ішінде оны ынталандыру және дамыту үшін салық тосқауылдарын төмендету және адал бәсекелестік жағдайын жасау да маңызды.

ЕАЭО мүше-елдері BEPS (Base Erosion and Profit Shifting) жоспарының шеңберінде электрондық саудаға салық салу қағидаларын анықтау және үйлестіру бойынша жұмыс жүргізуде.

Бұл туралы «Халықаралық салық салу: теория мен практиканың қазіргі заманғы мәселелері» VI Халықаралық ғылыми конференциясында Еуразиялық экономикалық комиссиясының Алқасының жанындағы Салық саясатымен әкімшілендіру бойынша консультативтік комитеттің жауапты хатшысы баяндады [4].

Одақ кеңістігінде сандық экономиканы дамыту негізгі басым бағытқа ие бола бастады. Мұнда, соның ішінде BEPS жоспары шеңберінде электрондық саудаға салық салу қағидаларын үйлестіру және үндестіруде өз рөлін атқарады.

Одақтың экономикалық кеңістігін «цифрландыру» ЕЭК қызметіндегі негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Осыған байланысты ЕАЭО елдерінде электрондық саудаға салық салу қағидаларын анықтау және үйлестіру мәселесі жиі айтылуда. Комиссия ЕАЭО деңгейінде осы салада салық салу режиміне стратегиялық тәсілдемелерді әзірлеуді жоспарлап отыр. Қажет болған жағдайда, ЕАЭО туралы шарттың №18 қосымшасына Одақтың уәкілетті органдарымен келісілетін тиісті өзгерістер енгізілуі мүмкін. Комиссия үшін қатысушы мемлекеттердің, атап айтқанда Ресей Федерациясының осы саладағы тәжірибесі аса құнды. Бұл ретте ақпарат және нормативтік-құқықтық құжаттар алмасуды жолға қою маңызды міндет болып табылады.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің салықтық әкімшілендіру тәртібін жеңілдету жүйелі негізде жүзеге асырылады. Шағын бизнес субъектілерінің алдында тұрған барлық мәселелерді шешу үшін, барлық уәкілетті мемлекеттік органдар мен ауыл шаруашылық органдар тығыз ынтымақтасуы қажет. Біз «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының аумақтық бөлімшелерінен үлкен қолдау және түсіністік күтеміз. Қазіргі таңда барлық өзекті сұрақтар мен даулы мәселелерді талқылау және шешу бірлескен жиналыстар кезінде алқалық деңгейде өтуде. Мемлекеттік қызметтер көрсету үдерісін барынша оңтайландырылуы қажет [5].

Еуразиялық экономикалық одақ елдері ауыл шаруашылығы саласы бойынша интеграцияны тереңдетуі қажет. Осы мәселені талқылау үшін Қазақстан, Ресей, Беларусь, Армения және Қырғыз Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлері Мәскеуде бас қосты. Басқосуда тараптар Ауыл шаруашылығы министрлерінің Кеңесін құруға келісті. Сонымен Еуразиялық одақтың агро-өнеркәсіп саясатын жүргізу, агроөнеркәсіп

кешенін дамытудың 2021 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы, экспортты дамыту және ветеринарлық-санитарлық бақылау мәселелері нақтыланды.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, ЕАЭО қатысушы елдердің арасында Беларусь көшбасшылық ұстанымда, оның соңынан Ресей, кейін Қазақстан. Өз көрсеткіштерін жоғарылату үшін барлық мемлекеттің жеткілікті қорлары бар. ЕАЭО мүше мемлекеттердің бұдан арғы стратегиясы келісілген салық саясатын іске асыруға бағытталуы тиіс салық есебінің зайырлығы, оффшорлық аймақтарға капиталды аударуды азайту қажеттілігі, кәсіпкерлік қызмет және трансшекаралық инвестицияларға кедергілерді еңсеру, салық заңнамасын және әкімшілігін жетілдіруді қоса алғанда ұлттық экономикалардың дамуын ынталандырады [4].

Ұсынылған іс-шара шаруашылық субъектілердің бәсеке қабілеттілігін көтермелеп және салықтық мәселерді жойып ЕАЭО қатысушы елдердің арасындағы экономикалық және ауыл шаруашылық саласындағы байланыстарды дамытуға орасан зор үлесін қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Евразийский экономический союз в цифрах: краткий статистический сборник //Евразийская экономическая комиссия. – М., 2016. – 190 с.

2 Қазақстан Республикасының Кодексі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) (2017.01.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) URL: <http://kgd.gov.kz/kk/content/kr-salyk-kodeksi> (Жарияланған күні: 13.10. 2017).

3 Каленова С.А., Нурпеисова А.А. Интеграционные процессы в странах Евразийского экономического союза // Вестник Университета «Туран». -2016.- № 3 (71).-С. 9-15.

4 Мамбеталиев Н.Т. Налоги и налогообложение в Евразийском экономическом союзе // Налоговая политика и практика.-2015.-№1 (145). – С.78-80

5 Тынысбеков А. Третья модернизация Казахстана – основополагающий маяк для достижения целей суверенного Казахстана// Вестник органов государственных доходов Республики Казахстан.-2017.-№5 (213).-С.1-4.

Pajdalanylran әдебиеттер тізімі

1 Evrazijskij jekonomicheskij sojuz v cifrah: kratkij statisticheskij sbornik //Evrazijskaja jekonomicheskaja komissija.– М., 2016. – 190 s.

2 Қазақстан Республикасының Кодексі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) (2017.01.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) URL: <http://kgd.gov.kz/kk/content/kr-salyk-kodeksi> (Zharijаланған күні: 13.10.2017).

3 Kalenova S.A., Nurpeisova A.A. Integracionnye processy v stranah Evrazijskogo jekonomicheskogo sojuza // Vestnik Universiteta «Turan». -2016. - № 3 (71).- С. 9-15.

4 Mambetaliev N.T. Nalogi i nalogooblozhenie v Evrazijskom jekonomicheskom sojuze // Nalogovaja politika i praktika.-2015.-№1 (145). – S.78-80

5 Tynysbekov A. Tret'ja modernizacija Kazahstana – osnovopolagajushhij majak dlja dostizhenija celej suverennogo Kazahstana// Vestnik organov gosudarstvennyh dohodov Respubliki Kazahstan.- 2017.- №5 (213).- S.1-4.

